

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің №1 мәжілісі

Түркістан қаласы

21 қазан 2019 жыл

Ректорат ғимараты, Сенат залы, сағат 15:00.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -12 адам.

Шақырылғандар: Тізім бойынша – 15 адам.

Мәжілісті Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, сапа бойынша басшылық өкілі Ш.Есимова жүргізіп отырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау;
2. УЕ-ХҚТУ-075-2019 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және Сенат мәжілісіне ұсыну;
3. 2019-2020 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы;
4. Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы;
5. Әр түрлі мәселелер:
 - 5.1 Сапа жөніндегі жетекшілік құжатының өзгертілген нұсқасын қолданынысқа енгізу туралы;
 - 5.2. Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамын анықтау.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру жөніндегі вице-президент Ш.Есимова университеттің Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2019-2020 оқу жылына арналған комитет мүшелерінің құрамы, оның жұмыс жоспары жобаларымен таныстырды. Комитет төрайымы жұмыс жоспары қамтитын негізгі бағыттарды атап көрсетті және жұмыс барысына, қажеттілікке орай жұмыс жоспарына толықтырулар енгізілуі мүмкіндігін ескертті. Мәжіліске қатысушылар негізгі бағыттар мен ондағы елеулі өзгерістер бойынша атқарылуы тиіс негізгі іс-шараларды осы жоспарға енгізуді ұсынып, комитет мүшелерінің құрамы, комитетте қаралатын мәселелер ой-пікірлерін ортаға салды. Дауыс беру нәтижесінде, ұсынылған комитет мүшелерін құрамын сайлау және комитеттің 2019-2020 оқу жылы бойынша жұмыс жоспарының жобасын бекіту жөнінде шешім қабылдады.

Шешім:

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің 2019-2020 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары және комитет мүшелері төменде ұсынылған жобада қабылдансын:

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің
2019-2020 оқу жылына арналған мәжілістер ЖОСПАРЫ

№	Қарастырылатын мәселелер	Жауапты тұлғалар
1-мәжіліс 2019 жыл, қыркүйек-қазан		
1.	Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау	Комитет мүшелері
2.	УЕ-ХҚТУ-075-2019 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және	Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг

	Сенат мәжілісіне ұсыну	және сапа орталығының басшысы
3.	2019-2020 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
4.	Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
5.	Әртүрлі мәселелер	
2- мәжіліс 2020 жыл, қаңтар-ақпан		
1.	Әлемдік рейтингтерге (GS, THE, GreenMetric, Webometrics) қатысуды ұйымдастыру туралы	Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	Отандық рейтингтік агенттіктерде институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуды ұйымдастыру туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
3.	2019-2020 оқу жылының ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
4.	Әртүрлі мәселелер	
3- мәжіліс 2020 жыл, мамыр - маусым		
1.	2019-2023ж.ж Стратегиялық даму жоспарының 2019-2020 оқу жылы бойынша орындалуы жөнінде	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	2019-2020 оқу жылының сапа мақсаттарының орындалуы жөнінде	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы
3.	Әртүрлі мәселелер	

2019-2020 оқу жылына арналған Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті мүшелері

№	Аты-жөні	Қызметі	Комитеттегі қызметі
1.	Есимова Шолпан Алтынбекқызы	Академиялық инновация жөніндегі вице-президент	Комитет төрайымы
2.	Дарибаев Жанәлі Еркінбекұлы	Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы	Комитет мүшесі
3.	Балкибаева Гульзира Амангелдіқызы	Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы	Комитет мүшесі
4.	Бөлеев Талант Калдибекұлы	Кәсіби даму институтының директоры	Комитет мүшесі
5.	Момбекова Гүлмира Райбекқызы	Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің атқарушы директоры	Комитет мүшесі
6.	Ниязов Талғат Жақсыбайұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры	Комитет мүшесі
7.	Булент Шен	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары	Комитет мүшесі
8.	Керімбеков Ержан Рахымжанұлы	Ғылымды коммерцияландыру департаментінің директоры	Комитет мүшесі
9.	Молдалиев Ықылас Сүйіндікұлы	Медицина факультетінің деканы	Комитет мүшесі
10.	Керем Энгин Акпынар	Стоматология факультетінің деканы	Комитет мүшесі

11.	Юксел Чилик	Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы	Комитет мүшесі
12.	Сапарходжаев Нурбек Пожарбекұлы	Инженерия факультетінің деканы	Комитет мүшесі
13.	Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы	Гуманитарлық факультетінің деканы	Комитет мүшесі
14.	Абусейтов Бекахмет Зияддинұлы	Өнер факультетінің деканы	Комитет мүшесі
15.	Көшербаев Талғат Тұрсынбайұлы	Сапа менеджменті секторының меңгерушісі	Комитет мүшесі

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-075-2019) енгізілетін өзгерістер мен толықтырылулар жобасын талқылау және университеттің Сенат мәжілісіне ұсыну мәселесі жөнінде комитет төрайымы жалпы таныстырып өтті. Баяндамашы, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев өз сөзінде, Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі 5 жылдан бері жыл сайын ішкі рейтинг көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ұдайы оң өзгерістерге ұшырып, жетілдіріліп келе жатқан жүйе екендігін еске салды. Сонымен қатар, аталған ережеге осы оқу жылында Түркия жоғары оқу орындарының бірқатар маңызды индикаторларымен толықтырылғанын, және бұл өзгерістердің университеттің алған қойған Стратегиялық жоспарын жүзеге асыруда үлкен маңызға ие екендігін тілге тиек етті. Мәселе барысында комитет төрайымы Ш.Есимова жоғары межелі көрсеткіштерге жеткен ОПК мен ғылыми қызметкерлерді ұдайы қолдау мақсатында, бұрынғы бір реттік қаржылай марапаттаудың орнына, ай сайын айлық жалақыға қосымша қаржылай коэффициент түрінде белгілеуді ұсынды. Бұл ретте қазіргі Түркия ЖОО қосымша ынталандыру жүйесін басшылыққа алу ұсынылды. Ішкі рейтинг индикаторларын талқылау барысында комитет мүшелері мен шақырылған қызметкерлер тарапынан оң ұсыныстар білдірілді. Талқылау барысында Ереже жобасын барлық университет қызметкерлеріне ұсыныс-пікірлерін алу мақсатында тарату және университеттің I вице-президенті, Ж.Томар мырзаның төрағалығымен ішкі комиссияда ОПК мен қызметкерлер тарапынан келген ұсыныстар мен пікірлерді саралап, Сенат мәжілісіне ұсыну келісілді.

Шешім:

Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесінің жобасына (УЕ-ХҚТУ-075-2019) ОПК және қызметкерлер, растаушылар тарапынан берілген ұсыныстар, толықтырулар мен өзгертулерді ішкі рейтинг комиссиясында қарап, соның негізінде Сенат мәжілісіне бекітілуге ұсынылсын.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2019-2020 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасымен таныстырды. Ол ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасы алдын ала танысу үшін таратылғанын ескертіп, университеттің Стратегиялық жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштерге өзгерістер енгізілгенін баса айтты және орындалу тиіс көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығы жөнінде жеке-жеке тоқталды. Комитет мүшелерінің талқылауы мен ой-пікірлерінің қосуы нәтижесінде, сапа бойынша мақсаттары жобасының кейбір көрсеткіштеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2019-2020 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттары

№	Мақсаттарды орындау	Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері
----------	----------------------------	--

	бойынша міндеттер	
1.	Білім беру бағдарламаларын қазіргі заман талаптарына синхронизациялау/ гармонизациялау.	<ul style="list-style-type: none"> - Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 4; - Салалық шеңберлер мен кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының үлесі – 100 %; - Шет тілінде білім беру бағдарламаларын іске асыру – 4.
2.	Оқыту сапасы мен инновациялық әлеуетті дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Пәндер бойынша жаппай ашық онлайн курстар саны –25; - Пәндер бойынша контенттер дайындау – 70 %; - 350 оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындау; - “Қазақ тіліндегі 100 үздік оқулықты” оқу үдерісіне ендіру – 25; - ОПҚ және қызметкерлерге орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесін ендіру.
3.	Білімгерлер саны мен маман сапасын арттыру	<ul style="list-style-type: none"> - Университетте оқитын білімгерлер контингентін 11000-нан арттыру; - магистратура мамандықтарына 650, PhD докторантура мамандықтарына 90, резидентура мамандықтарына 130 білімгерлер қабылдау; - Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі – 17 %; - Шетел және ұлттық ЖББҰ-ға барып бір академиялық кезең бойында білім алатын білімгерлердің үлесі – 3,5 %; - Шетел және ұлттық ЖББҰ-дан келіп университетте бір академиялық кезең (1 семестр) бойында білім алатын білімгерлердің университет студенттеріне шаққандағы үлесі – 0,6 %; - Білімгерлерге орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесін жетілдіру.
4.	Жоғары білікті кадр потенциалын жасақтау және дамыту.	<ul style="list-style-type: none"> - ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігін 55 %-ға жоғарылату; - Шетелдерден келіп университетте дәріс беріп қайтатын профессорлардың университет оқытушыларына шаққанда үлесі–10 %; - Шетел университеттеріне барып дәріс беріп қайтқан немесе ғылыми жұмыстармен айналысатын ОПҚ үлесін арттыру – 2 %; - Кәсіби немесе ғылыми біліктілігін шетелдерде жоғарылатқан оқытушылар саны –27.
5.	Озық зерттеулерді ұйымдастыру.	<ul style="list-style-type: none"> - Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарының санын 300-ге жеткізу (Thomson Reuters, Scopus, Elsevier); - Халықаралық ғылыми конгресстер, симпозиумдар конференциялар ұйымдастыру – 20; - Алыс-жақын шетел және отандық басылымдардағы жарияланымдар – 1100; - Ғалымдардың гранттық, келісім-шарттық, меморандум және шаруашылық келісім-шарттар негізінде ҒЗЖ мен жобалары – 35; - Монографиялар шығару – 45.
6.	Рухани жаңғыру.	<ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық деңгейде нәтижеге жеткен өнер саңлақтары

	Жастар саясаты мен білімгерлер бастамасын дамыту.	– 6, спортшылар –27 - Түркі дүниесі жастарының қарым-қатынасын нығайту бағытында ұйымдастырылатын іс-шаралар – 67 %; - Клубтық-үйірмелік, волонтерлық қызмет және студенттік өзін-өзі басқаруға тартылған студенттер үлесі – 64 %; - Білімгерлерді, талантты жастарды азаматтық, патриоттық, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында университет жұмыстарына, қоғамдық-саяси және әлеуметтік шараларға жұмылдыру –11 %..
7.	Университеттің әлемдік және Ұлттық рейтингтеріндегі позицияларын жоғарылату	- QS ЕЕСА «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінде - 165 орын; - Webometrics – 5 500 орын; - ҚР жоғары білім беру ұйымдары арасында – 9 орын; - ҚР “Атамекен” Ұлттық Палатасы ұйымдастырған рейтингте университеттің білім беру бағдарламаларының қол жеткен деңгейден арттыру үлесі – 50 %.
8.	Университет кампусын ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту.	- 50 орындық қонақ үй кешенін салу; - Ашық типтегі офис құру (open space) –1; - Университеттің барлық ғимараттарын табиғи газбен жылыту жүйесіне ауыстыру.
9.	Материалдық техникалық базаны модернизациялау	- Аудиториялар мен оқу-ғимарат залдарын қазіргі заманғы дизайн талаптарына сай жөндеу, коворкинг-орталықтар құру –1; - Пәндер бойынша дайындалған электронды оқу-әдістемелік кешендерді кітапхананың ресурстық қорына орналастыру –100%. ;
10.	Цифрлық трансформация (digital tranformation)	- Университеттің цифрлық платформасын құру, Paper free жүйесіне өту (E-University және Smart-Campus) –75 %; - Электронды құжат алмасу платформасын дайындау ендіру –100%; - On-line режимінде әлеуметтік сауалнамалар жүргізу үшін қажетті бағдарламалармен қамтамасыз ету –100%; - Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – 100%.

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы және мүшелері ұсынылған сапа бойынша мақсаттардың жобасын талқылай келе, оны бекітуге ұсыну туралы шешім қабылдады.

Шешім:

Университеттің 2019-2020 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары бекітуге ұсынылсын.

4. Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы төртінші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев университет президентінің 18.10.2019 ж. №199 бұйрығымен университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінде ішкі аудит жүргізілетіндігінен хабардар етіп, аудиторлар құрамын қысқаша таныстырып өтті. Сонымен бірге бұйрық бойынша ішкі аудит 2 кезеңмен жүргізілетіндігін, 21-29 қазан аралығында университеттің академиялық емес барлық құрылымдық бөлімдерінде, кафедралар мен деканаттарда 2020 жылдың 14-16

қаңтар аралығында, яғни, білімгерлер үшін қысқы каникул мерзімінде өтетіндігі айтылды. 2019 жылдың 30-31 қазан аралығында университетімізде халықаралық ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес Түркия стандарттар институты (ТСИ, Анкара) сыртқы бақылау аудиті жоспарлануына байланысты жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шараларымен қысқаша таныстырып өтті. Сөз соңында сыртқы аудит уақыты барысында оқу ғимараттары мен жатақханалардың тазалығы, құрылымдық бөлімге тексеруге барған аудиторларға қажетті мәліметтерді түсінікті, ауқымды түрде жеткізуге шақырды. Ішкі және сыртқы бақылау аудиттерінің толық нәтижелері келесі комитет мәжілісінде талқыланатыны ескертілді.

Шешім: Университетте жүргізілетін ішкі және сыртқы бақылау аудиті туралы мәліметтер назарға алынсын.

5. Әртүрлі мәселелер.

5.1 Сапа жөніндегі жетекшілігінің өзгертілген нұсқасын қолданынысқа енгізу туралы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев қолданыстағы Сапа жетекшілігінің 2009-шы жылы қолданысқа енгізілгенін, қазіргі уақытта университеттің ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификатқа ие екенін және жетекшіліктің осы стандарт талаптарына сәйкес дайындалғанын және қайта бекіту қажеттігі туындағанын айтып, бекітуді ұсынды.

Шешім: Университеттің Сапа бойынша жетекшілік құжаты бекітілсін.

5.2 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесіне сәйкес оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ішкі рейтинг көрсеткіштері университеттің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілетіні, ал жыл бойы туындайтын әртүрлі сұрақ-шағымдар мен пікір-ұсыныстар бойынша және жылдық нәтижелерді қорытындылау бойынша жұмыс жасайтын ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамын анықтау мәселесі сөз болды. Бұл бойынша Ж.Дарибаев үш сала бойынша, яғни ғылым, оқу-әдістемелік және мәдениет-тәрбие бойынша салалық вице-президенттер, осы айтылған бағыттар бойынша департамент директорлары, бірнеше орталық басшылары және құрамы жыл сайын ауысып отыратын факультеттер мен зерттеу институттарының өкілі ретінде екі декан мен бір ҒЗИ директорын комиссия құрамына ендіруді ұсынды.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясын төмендегі құрамда құру үшін бекітуге ұсынылсын:

1. Комиссияның тең төрағасы: Женгиз Томар – I вице-президент;
 2. Комиссияның тең төрайымы: Есимова Шолпан Алтынбекқызы – Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент;
- Комиссия мүшелері:
3. Үмбетов Өмірбек Үмбетұлы – Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент;
 4. Пусат Пилтен - Даму және қаржыландыру жөнінен вице-президент;
 5. Беркимбаев Камалбек Мейірбекұлы – Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент;
 6. Абуов Амреқұл Ергешұлы – “Рухани жаңғыру” бағдарламасының жетекшісі – вице-президент;
 7. Ниязов Талғат Жақсыбайұлы – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;

8. Булент Шен – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары;

9. Керімбеков Ержан Рахымжанұлы – “Ғылымды коммерцияландыру” департаментінің директоры;

10. Динашева Ләззат – “Рухани жаңғыру” ғылыми тәжірибелік орталығының директоры;

11. Сапарходжаев Нұрбек Пожарбекұлы - Инженерия факультетінің деканы;

12. Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы - Гуманитарлық факультетінің деканы;

13. Сердар Дағыстан – “Түркология” ғылыми-зерттеу институтының директоры;

14. Болеев Талант Калдыбекұлы – Кәсіби даму институтының директоры;

15. Жолшибекова Магрипа Рысбекқызы – Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы;

16. Дарибаев Жанали Еркінбекұлы – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы.


Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің мәжілісі өз жұмысын 16-00 сағат 30 минутта аяқтады. Хаттама 7 беттен тұрады, бір данада жасалған.

Стратегиялық жоспарлау және
сапа комитетінің төрайымы



Ш.Есимова

Хатшы



Т.Көшербаев